

## **Мәдениет саласындағы кейбір бұйрықтарға өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 26 қаңтардағы № 23 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 27 қаңтарда № 31790 болып тіркелді

### **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілетін мәдениет саласындағы кейбір бұйрықтардың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Мәдениет комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің интернет-ресурсында қолданысқа енгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде орналастыруды;

3) осы тармақпен көзделген іс-шаралар орындалғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне іс-шараның орындалуы туралы мәлімет ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт министрі*

*А. Оралов*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

Қазақстан Республикасының цифрлық  
даму, инновациялар және аэроғарыш  
өнеркісібі министрілігі

Қазақстан Республикасы  
Мәдениет және спорт министрі  
2023 жылғы 26 қаңтардағы  
№ 23 бұйрығына  
қосымша

## **Өзгерістер енгізілетін мәдениет саласындағы кейбір бұйрықтардың тізбесі**

1. "Көркемөнерпаздар ұжымдарына "Халықтық" немесе "Үлгілі" атағын беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2007 жылғы 28 наурыздағы № 93 бұйрығына (Нормативтік құқықтық

актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4632 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы 28) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Көркемөнерпаздар ұжымдарына "Халықтық" немесе "Үлгілі" атағын беру қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы Көркемөнерпаздар ұжымдарына "Халықтық" немесе "Үлгілі" атағын беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мәдениет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабының 28) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және көркемөнерпаздар ұжымдарына "Халықтық" немесе "Үлгілі" атағын беру тәртібін айқындайды.";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Ұсынылған өтінімдерді қарау, көркемөнерпаздар ұжымдарының осы Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген шарттарға сәйкестігін айқындау үшін, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының, облыстық жергілікті атқарушы органдар (бұдан әрі – жергілікті атқарушы органдар) көркемөнерпаздар ұжымдарына "Халықтық" немесе "Үлгілі" атағын беру жөніндегі комиссияларды (бұдан әрі – Комиссия) құрады.";

7-тармаққа орыс тілінде өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

14 және 15-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"14. "Көркемөнерпаздар ұжымдарына "Халықтық" немесе "Үлгілі" атағын беруге өтінімдерді қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) жергілікті атқарушы органдармен көрсетіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес жазылған.

15. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көркемөнерпаздар ұжымының басшысы (бұдан әрі – ұжым басшысы) Тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көркемөнерпаздар ұжымына "Халықтық" немесе "Үлгілі" атағын беруге өтінімді (бұдан әрі – өтінім) жергілікті атқарушы органның кеңсесіне немесе "электрондық үкімет" веб-порталы [www.egov.kz](http://www.egov.kz), [www.elisence.kz](http://www.elisence.kz) (бұдан әрі – портал) арқылы береді.";

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"18. Жергілікті атқарушы орган кеңсесінің қызметкері өтінімді қабылдауды, тіркеуді жүзеге асырады және оны ол түскен күні жергілікті атқарушы органның басшысына жауапты орындаушыны анықтау үшін береді.

Ұжым басшысы кеңсеге жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүгінген жағдайда өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.";

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"21. Жергілікті атқарушы органның басшысы қабылдау туралы қолхатқа немесе бас тарту туралы қолхатқа қол қояды. Жергілікті атқарушы органның жауапты орындаушысы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұжым басшысына ол кеңсеге жүгінген жағдайда қағаз тасығышта немесе ол порталға жүгінген жағдайда электрондық нысанда жолдайды.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер Тізбенің 9-тармағында көрсетілген.";

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"23. Жергілікті атқарушы органдар мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді Заңның 5-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес қамтамасыз етеді.

Мәдениет саласындағы уәкілетті орган Бірыңғай байланыс орталығына, " электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы операторына, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілеріне көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы және осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы ақпаратты тиісті нормативтік құқықтық актінің әділет органында мемлекеттік тіркелгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде жібереді.";

4-тарау жаңа редакцияда жазылсын:

"4-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

24. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым әкімшілік актісі, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын әкімшілік органға, лауазымды адамға беріледі.

Уәкілетті орган, шағым жасалатын лауазымды адамның шешімі, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте уәкілетті орган, шағым жасалатын лауазымды адамның шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне), егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде қолайлы шешім

қабылдаса, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын іс-әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.

25. Көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті органның атына келіп түскен шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

26. Егер Қазақстан Республикасының Заңында өзгеше көзделмесе, сотқа шағымдануға Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен шағымданғаннан кейін жол беріледі.";

Көркемөнерпаздар ұжымдарына "Халықтық" немесе "Үлгілі" атағын беру қағидаларына 1, 2, 3 және 4-қосымшалар Өзгерістер енгізілетін мәдениет саласындағы кейбір бұйрықтардың тізбесіне (бұдан әрі – бұйрықтардың тізбесі) 1, 2, 3 және 4-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Мәдени құндылықтардың, ұлттық архив қорлары құжаттарының, архив құжаттары түпнұсқаларының экспортына лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 25 мамырдағы № 141 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20722 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Мәдени құндылықтардың, ұлттық архив қорлары құжаттарының, архив құжаттары түпнұсқаларының экспортына лицензия беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары осы бұйрықтардың тізбесіне 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Мемориалдық тақталарды орнатуға рұқсат беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 26 мамырдағы № 149 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20738 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Мемориалдық тақталарды орнатуға рұқсат беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларында:

1, 2 және 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Осы "Мемориалдық тақталарды орнатуға рұқсат беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Мемориалдық тақталарды орнатуға рұқсат беру" мемлекеттік қызметін көрсету (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) тәртібін айқындайды.

2. Мемлекеттік қызметті облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетеді.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Мемориалдық тақталар орнатуға рұқсат беру" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – Тізбе) 8-тармағында көрсетілген құжаттарды (бұдан әрі – өтініш) қоса бере отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне немесе "электрондық үкіметке" [www.egov.kz](http://www.egov.kz), [www.elisence.kz](http://www.elisence.kz) веб-порталдары (бұдан әрі – портал) арқылы береді.

Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, қызмет көрсету процесінің сипаттамаларын, нысанын, мазмұнын мен нәтижесін, сондай-ақ өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидаларға 2-қосымшада келтірілген.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі өтініш түскен күні қабылдауды, тіркеуді жүзеге асырады және оны жауапты құрылымдық бөлімшеге орындауға береді.

Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және "Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Тізбенің 8-тармағымен қарастырылған ұсынылатын құжаттар толық болған жағдайда, жауапты орындаушы 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде өтінішті "Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 8) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті берушімен құрылған тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау жөніндегі комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) қарауына енгізеді.

Комиссия құрамына ғылым және мәдениет қайраткерлері, мемлекеттік органдардың, шығармашылық және қоғамдық ұйымдардың өкілдері, тарихшылар, сәулетшілер кіреді.

Комиссия мүшелері тақ саннан тұрады, олардың қатарынан төраға және төрағаның орынбасары тағайындалады.

Комиссия төрағасы оның қызметіне басшылық жасайды, Комиссия отырыстарын өткізеді. Төраға болмаған кезде оның функцияларын төрағаның орынбасары орындайды.

Комиссия қызметін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты үйлестіруді, оның отырыстарының хаттамаларын дайындауды Комиссия мүшесі болып табылмайтын хатшы жүзеге асырады.";

10, 11 және 12-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Комиссия өтініштің қарауға келіп түскен күнінен бастап 12 (он екі) күнтізбелік күн ішінде көрсетілетін қызметті алушыға мемориалдық тақтаны орнатуға рұқсат беруге келісу туралы немесе теріс шешім шығарады.

Комиссияның шешімі хаттамамен ресімделеді, оған отырысқа қатысқан Комиссияның барлық мүшелері қол қояды.

Мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті алушыға позициясын білдіру мүмкіндігі үшін хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі. Тыңдау хабардар етілген күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші мемориалдық тақталарды орнатуға рұқсат береді немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап береді.

11. Жауапты орындаушы Комиссия шешімінің негізінде және тыңдау нәтижелері бойынша Комиссияның хаттамасына қол қойылған күннен 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемориалдық тақтаны орнатуға рұқсат (бұдан әрі – рұқсат) немесе осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемориалдық тақта орнатуға рұқсат беруден дәлелді бас тарту (бұдан әрі – дәлелді бас тарту) жобасын дайындайды және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына енгізеді.

12. Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі жобасының келіп түскен сәттен бастап 2 (екі) күнтізбелік күн ішінде рұқсатқа немесе дәлелді бас тартуға қол қояды. Жауапты орындаушы 1 (бір) күнтізбелік күн ішінде көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін жолдайды.

Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту негіздемелері Тізбенің 9-тармағында көрсетілген.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізуді Заңның 5-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес қамтамасыз етеді.

Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану жөніндегі уәкілетті орган Бірыңғай байланыс орталығына, "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымы операторына, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілеріне көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы және осы Қағидаларға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар туралы ақпаратты тиісті нормативтік құқықтық актінің әділет органында мемлекеттік тіркелгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде жібереді.";

3-тарау жаңа редакцияда жазылсын:

"3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

15. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шағымды қарауды жоғары тұрған әкімшілік орган, лауазымды адам, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – шағымды қарайтын орган) жүргізеді.

Шағым әкімшілік актісі, әкімшілік әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым жасалатын әкімшілтарихік органға, лауазымды адамға беріледі.

Уәкілетті орган, шағым жасалатын лауазымды адамның шешімі, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей оны және әкімшілік істі шағымды қарайтын органға жібереді.

Бұл ретте уәкілетті орган, шағым жасалатын лауазымды адамның шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне), егер ол 3 (үш) жұмыс күні ішінде қолайлы шешім қабылдаса, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын іс-әрекет жасаса, шағымды қарайтын органға шағым жібермейді.

16. Көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті органның атына келіп түскен шағымы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес ол тіркелген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

17. Егер Қазақстан Республикасының Заңында өзгеше көзделмесе, сотқа шағымдануға Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 91-бабының 5-тармағына сәйкес әкімшілік (сотқа дейінгі) тәртіппен шағымданғаннан кейін жол беріледі.";

"Мемориалдық тақталарды орнатуға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемориалдық тақталарды орнатуға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметке қойылатын негізгі талаптардың тізбесі";

реттік нөмірі 1-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	облыстың, жергілікті атқарушы органы Астана, Алматы және Шымкент қалалары
----	---------------------------------------	---

";

реттік нөмірлері 7, 8 және 9-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"

7.	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектісінің жұмыс кестесі	<p>Көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен 9.00-ден 18.30-ға дейін. Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 09.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады.</p> <p>Қабылдау алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады.</p> <p>Портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы .</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін , демалыс және мереке күндері Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жүгінген кезде өтінімдерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.</p>
		8. Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі:



8.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

1) аса көрнекті тұлғаның сіңірген еңбегін және/немесе айрықша оқиғаның маңыздылығын, сондай-ақ аса көрнекті тұлғаның тұруын, жұмысын, болуын және мемориалдық тақта орнату болжанатын ғимаратта немесе құрылыста болған айрықша оқиғаны растайтын архивтік анықтама және/немесе архивтік құжаттың көшірмесі және/немесе архивтік үзінді және өзге құжаттар ;

2) Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2020 жылғы 2 сәуірдегі № 77 бұйрығымен бекітілген ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20310 болып тіркелген) Мемориалдық тақталар орнату қағидаларының (бұдан әрі – Мемориалдық тақталар орнату қағидалары) 6 және 7-тармақтарында көрсетілген мәліметтер мен талаптарды қамтитын мемориалдық тақтаның эскизі;

3) қасбеттерінде мемориалдық тақта орнату болжанатын ғимараттың немесе құрылыстың меншік иесінің (иелерінің) немесе өзге де заңды иесінің жазбаша келісімі;

4) қасбетінде мемориалдық тақтаны орнату қаралған ғимарат немесе құрылыстың республикалық және халықаралық маңыздағы тарих және мәдениет ескерткіші болып табылған жағдайда, тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы уәкілетті органның келісуі.

порталға:

1) аса көрнекті тұлғаның сіңірген еңбегін және/немесе айрықша оқиғаның маңыздылығын, сондай-ақ аса көрнекті тұлғаның тұруын, жұмысын, болуын және мемориалдық тақта орнату болжанатын ғимаратта немесе құрылыста болған айрықша оқиғаны растайтын архивтік

		<p>анықтаманың және/немесе архивтік құжаттың және/немесе архивтік үзіндінің және өзге құжаттардың электрондық көшірмелері;</p> <p>2) Мемориалдық тақталар орнату қағидаларының 6 және 7-тармақтарында көрсетілген мәліметтер мен талаптарды қамтитын мемориалдық тақта эскизінің электрондық көшірмесі;</p> <p>3) қасбеттерінде мемориалдық тақта орнату болжанатын ғимараттың немесе құрылыстың меншік иесінің (иелерінің) немесе өзге де заңды иесінің жазбаша келісімінің электрондық көшірмесі;</p> <p>4) республикалық және халықаралық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіші болып табылатын ғимараттың немесе құрылыстың қасбеттерінде мемориалдық тақта орнатылған жағдайларда уәкілетті органның келісімі туралы құжаттың электрондық көшірмесі.</p>
9.	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздеме	<p>1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;</p> <p>2) комиссияның теріс шешімі.</p> <p>3) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге ұсынылатын келісімінің болмауы.</p>

”;

"Мемориалдық тақталарды орнатуға рұқсат беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына 1-қосымша осы бұйрықтардың тізбесіне 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

"Мемориалдық тақталарды орнатуға рұқсат беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидаларына 3, 4 және 5-қосымшалар осы бұйрықтардың тізбесіне 7, 8 және 9-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Өзгерістер енгізілетін мәдениет  
саласындағы кейбір  
бұйрықтардың тізбесіне  
1-қосымша

Көркемөнерпаздар ұжымдарына  
"Халықтық" немесе "Үлгілі"  
атағын беру қағидаларына  
1-қосымша

"Көркемөнерпаздар ұжымдарына "Халықтық" немесе "Үлгілі" атағын беруге өтінімдерді қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Астана, Алматы, Шымкент қалаларының, облыстық жергілікті атқарушы органдар
2	Мемлекеттік қызметтерді ұсыну жолдары	1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі; 2) www.egov.kz, www.elicense.kz "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	1 (бір) жұмыс күні
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған)/қағаз түрінде
5	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесі	Осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "Халықтық" немесе "Үлгілі" атағын көркемөнерпаздар ұжымына беру туралы өтінімді қабылдау туралы қолхат немесе осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "Халықтық" немесе "Үлгілі" көркемөнерпаздар ұжымы атағын алуға өтінімді қабылдаудан бас тарту туралы қолхат болып табылады. Мемлекеттік қызметті қағаз жеткізгіште көрсету нәтижесі туралы көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі электрондық нысанда ресімделеді, басып шығарылады және көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының мөрімен және қолымен расталады. Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушыға "жеке кабинетте" көрсетілетін қызметті

		берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанында жолданады.
6	Көрсетілетін қызметті алушыдан мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде өндіріп алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны өндіріп алу тәсілдері	Тегін
7	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектісінің жұмыс кестесі	<p>1) Көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен 9.00-ден 18.30-ға дейін. Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 09.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады.</p> <p>Қабылдау алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады.</p> <p>2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы .</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініштер мен мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күнінде жүзеге асырылады.</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету мекенжайлары мен орындары:</p> <p>1) мәдениет саласындағы уәкілетті органның интернет-ресурсында;</p> <p>2) мемлекеттік қызметті берушінің интернет-ресурсында;</p> <p>3) порталда орналастырылған.</p>
		көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне:

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

1) осы Қағидалардың 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көркемөнерпаздар ұжымына "Халықтық" немесе "Үлгілі" атағын беруге көркемөнерпаздар ұжымы басшысынан құжаттарды қабылдауға өтінім;

2) көркемөнерпаз ұжымы жиналысының хаттамасы;

3) келесі ақпаратты көрсете отырып, көркемөнерпаздар ұжымдарына шығармашылық мінездеме:

жетекшілер туралы мәлімет;

репертуары және ағымдағы жылға оқу-тәрбиелік жұмыс жоспары;

ұжымның концерттік бағдарламасы;

қатысушылар құрамының тізімі;

4) марапаттарын куәландыратын құжаттардың электрондық көшірмелері;

5) көркемөнерпаздар ұжымының қызметі туралы жергілікті және/немесе республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған материалдар болуы (3 мақаладан кем емес).

порталға:

1) ЭЦҚ-мен куәландырылған осы Қағидалардың 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көркемөнерпаздар ұжымына "Халықтық" немесе "Үлгілі" атағын беруге көркемөнерпаздар ұжымы басшысынан құжаттарды қабылдауға өтінім;

2) көркемөнерпаз ұжымы жиналысы хаттамасының электрондық көшірмесі;

3) келесі ақпараттар көрсетілген ұжымына шығармашылық мінездеме:

жетекшілер туралы мәліметтердің электрондық көшірмесі;

репертуары және ағымдағы жылға оқу-тәрбиелік жұмыс жоспарының электрондық көшірмесі;

ұжымның концерттік бағдарламасының электрондық көшірмесі;

қатысушылар құрамы тізімінің электрондық көшірмесі;

		<p>4) марапаттарын куәландыратын құжаттардың электрондық көшірмелері;</p> <p>5) көркемөнерпаздар ұжымының қызметі туралы жергілікті және/немесе республикалық бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған материалдардың электрондық көшірмесі болуы (3 мақаладан кем емес).</p>
9	Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген негіздер	Өтінімді қабылдаудан бас тарту себебі - көрсетілетін қызметті алушының құжаттардың толық емес топтамасын ұсынуы және/немесе мерзімі өткен құжаттарды ұсынуы.
10	Мемлекеттік қызмет көрсетудің, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметтің ерекшеліктерін ескеріле отырып қойылатын өзге талаптар	<p>Мемлекеттік көрсетілетін қызметті берушіге мүмкіндігі шектеулі көрсетілетін қызметті алушы өтініш берген жағдайда мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері: ғимарат мүмкіндігі шектеулі адамдардың кіруіне арналған пандустармен жабдықталған.</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету мекенжайлары мен орындары мәдениет саласындағы уәкілетті органның ресми <a href="http://www.msm.gov.kz">www.msm.gov.kz</a> интернет-ресурсында "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімінде орналастырылған.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығына: 1414, 8 800 080 7777 жүгіну арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p>

